КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қаңтар №5265-23-00-2/3509 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (әрі қарай – «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Газиз Умирзакович Рысбеков (әрі қарай- ЖК Г.Рысбеков)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК-ның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Газиз Умирзакович Рысбеков мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Газиз Умирзакович Рысбековтен (ЖСН 780 819 300 426) Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКК-ның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 10 458 (он мың төрт жүз елу сегіз) теңге, мемлекеттік баж салығы 314 (үш жүз он төрт) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 27.02.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ЖК Газиз Умирзакович Рысбековтен (ЖСН 780 819 300 426) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Ж.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 19.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 27.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5265-23-3-1/3955